

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғоғистон» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinary terms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

Telegram	Әдеби қауымдастықтар ашу, күнделікті әдеби ақпараттар мен тесттер жіберу	Подкасттар жариялау, әдебиетке қатысты сауалнамалар жүргізу, кітап бойынша пікірталастар ұйымдастыру
Twitter (X)	Қысқа әдеби мәліметтер, шығармалардан үзінділер, авторлар туралы ақпараттар жариялау	Хэштегтер арқылы оқырмандарды қызықтыру, әдеби сұрақ-жауаптар ұйымдастыру

3-қосымша

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану заман талабына сай жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. TikTok, Instagram, YouTube, Telegram және басқа платформалар әдебиетті қызықты әрі интерактивті форматта ұсынуға көмектеседі. Әлеуметтік желілер арқылы әдебиетке қызығушылықты арттыру үшін креативті және тартымды контент жасау маңызды. Жастардың назарын аудару үшін визуалды элементтерді, интерактивті тесттерді, тікелей эфирлерді, қысқа бейнелерді қолдану арқылы оларды әдебиетке тартуға болады. Әдеби білім беруді дәстүрлі форматтан бөлек, жаңа технологиялармен үйлестіре отырып, оқырмандарға қолжетімді әрі қызықты ету – заманауи оқытудың маңызды бағыттарының бірі. Әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану заманауи оқыту тәсілдерін жаңашаландыруға мүмкіндік береді. TikTok, Instagram, YouTube, Telegram және басқа платформалар әдебиетті оқуды тартымды әрі қолжетімді етуге көмектеседі. Көркем әдебиетке қызығушылықты арттыру үшін интерактивті контент, қысқа видеолар, әдеби челленджер мен онлайн пікірталастар ұйымдастыру қажет. Әлеуметтік желілер арқылы оқырмандарды әдебиетке тарту – қазіргі заманның сұранысына сай тиімді әдіс. Сонымен қатар, бұл платформалар әдебиетті тек оқудың ғана емес, оны түсінудің және талқылаудың құралына айналады. Әлеуметтік желілер арқылы әдеби талдаулар жасап, оқырмандармен интерактивті байланыс орнату, олардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Осылайша, сандық дәуірде әдеби білім беруді жаңаша бағытта дамытуға мүмкіндік туады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Есенбекова Ұ.М., Құтым Б., Құтым А. Жаңа дәуірдегі бұқаралық коммуникация құралдарының трансформациясы, басым тенденциялар //ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023 – №3 (69). 417 б.
2. Медиапотребление в Казахстане в 2020 году: интернет и соц сети побеждают, 2021. [Электронды ресурс] – URL: <https://ekonomist.kz/zhussupova/mediapotreblenie-kazahstan-2020-internet/> (қаралған күні: 29.01.2024).
3. Pinterest и YouTube – самые популярные социальные медиа в Казахстане. Facebook замыкает тройку лидеров, 5.12.2023 ж. [Электронды ресурс] – URL: <https://finprom.kz/ru/article/pinteresti-youtube-samye-populyarnye-socialnye-media-v-kazahstane-facebook-zamykaet-trojku-liderov> (дата обращения: 30.01.2024). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ ISSN: 2616-7174. eISSN: 2663-2500 42 №1(146)/2024 Н.Т. Шыңғысова, Н.М. Касымбекова
4. Жетпісбаева М.С., Кутпанбаева Ж.Б., Мусаева Б.А. Заманауи журналистиканың жаңа үрдістері //Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2023. – №4. 62-71 бб.

ӘОЖ 14.25.09

ШӘКӘРІМ МЕН ҚОЖА ХАФИЗДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Томабаева Әзиза Ғазизқызы
aziza98-t@mail.ru

Шәкәрім - Шығыс пен Батыстың әдебиеті мен мәдениетін бойына қатар сіңірген Абай мектебінің алдыңғы қатарлы шәкірттерінің бірі. Ол өз шығармаларында Шығыс поэзиясы үлгілерін ұтымды қолдана білген. Шәкәрім туындыларында философиялық астар мен мұндалап тұрады. Шәкәрімге, әсіресе, парсы поэзиясы жанына жақын болды. Оның ішінде Қожа Хафиздің шығармаларын аудару, өлеңдерінен үлгі алуы арқылы рухани тереңдікке бой алдырғаны анық. Бұндағы Хафиздің ғазалдары - пәлсапаның биік мұнарасы.

Хафиз Ширази Шамседдин Мохаммед (1306-1371) – парсының әйгілі шайыры. Құранды жатқа біліп, Хафиз атанған. Өз заманының ең озық ғылыми жетістіктерін меңгерген. Хафиз ғазалдары парсы әдебиетінің жауһарлары қатарынан саналады. Сонымен қатар, рубай, тәржибәнд және сақинама жазған. Хафиздің поэзиясы Батыс әдебиетіне де зор ықпал еткен. Оны неміс ойшылы Гете ерекше бағалап, өзінің «Шығыс диваны» атты шығармасында парсы ақынына құрмет көрсеткені белгілі. Сол сияқты Пушкин мен Фет те оның ғазалдарын аударып, Шығыс лирикасының биік үлгісі ретінде қарастырған.

Оның туындыларын еуропалық әдебиеттің ірі өкілдері - Гете, А.С.Пушкин, А.А. Фет т.б. жоғары бағаласа, қазақтың ұлы ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлы 1858 жылы Семей медресесінде оқып жүрген 13 жасында :

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафиз – бу һәммасы
Мәдәт бер я шағири фәрияд,-

деп Хафиз бастатқан шығыс шайырларына жыр арнаса, әрі інісі, әрі шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,
Сәйхали, Қожа Хафиз, Фердоусилер,
Бәйітші елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар,-

деп жазды [1]. Профессор Өтеген Күмісбаев «Шәкәрім және Шығыс әдебиеті» атты мақаласында: «Осылардың ішінен Шәкәрімнің Хафизге бұрылуы тектен тек емес. Шығыстың сопылық әлемін аралап, саралап келген Шәкәрім Хафиз ғазалдарынан ғажайып ойлар мен сезімдердің тізілген моншағын табады. Хафиздің ішкі жан дүниесінің есіктерін ашады», - деп Шәкәрімнің аудармаларына арқау еткен осы идея басты назарға алды [2,79]. Өзі қадір тұтқан парсы ақыны Хафиздің «Көрініске шоқынған», «Кел, аяқшы, қымыз құй», «Тұр, аяқшы, бер қымыз», «Көңіл жібі қолымнан», «Егер сүйікті ол бала», «Анық ерге жолдас бол», «Мәжілісінде досыңның», «Кешегі басшымыз піріміз» деп басталатын өлеңдерін қазақшаға аударып, 1918 жылы «Абай» журналының үшінші санына бастырған екен. Бұл аудармалар тек поэтикалық шеберліктің көрінісі ғана емес, Шәкәрім дүниетанымының қалыптасуындағы рухани сабақтастықты да аңғартады [1].

Шәкәрім – қазақ әдебиетіндегі Хафиз дәстүрін жалғастырушы тұлғалардың бірі. Ол парсы ақынының бірнеше өлеңін аударып, қазақ оқырманына жаңа бір әдеби кеңістікті ашты.

Аудармаларына көшпес бұрын аудармада (тәржімалауда) өлең басты тақырыбы мен негізгі идеясын ашу, мазмұнына нұқсан келтірмей жеткізе білу - үлкен жұмыс. Ислам Жеменей «Хафиз-Шәкәрім рухани үндестігі» еңбегінде аудармаға: «Аудармашы тәржімалайтын шығарманың тілін білумен шектелсе сәтті аударма жасай алмайды», - деп баға береді. Ислам Жеменей осылайша сәтті аударманың үш негізін атап көрсетеді, олар:

Біріншіден, ұлттық мазмұны, тұрмыстық ерекшеліктері мен рухани иірімдерін түсіну. Ол үшін сол халықтың салт-санасынан хабардар болу маңызды.

Екіншіден, тарихи кеңістік пен қоғамдық ортасы. Бұл дегеніміз шығарма жазылған уақыттағы тарихи кезең, қоғамдағы өзгеріс ескерілуі қажет.

Үшіншіден, әр саланың ерекшеліктерін ұғыну. Автор мысалға саяси-тарихи, ғылыми-пәлсапалық тақырыптар бойынша ақынның ойын, идеясын дәлме-дәл жеткізуі міндетті деп түсіндіреді [3, 55].

Шәкәрімнің Хафиз шығармаларын сәтті аударуы осы үш негізге де сай келуінде деп айтсақ қателеспейміз. Ислам Жеменейдің «Хафиз-Шәкәрім рухани үндестігі» кітабында көрсетілген бірнеше мысалды дәлел ретінде келтіруге болады.

Хафиздің «Кел, аяқшы, қымыз құй» деген араб тілінде жырланған бәйітін Шәкәрім тек аударып қана қоймай, қазақ тілінің мазмұнына, қазақ халқының танымына сәйкес тәржімалауы анық.

Қазақша жолма-жол аудармасы мен Шәкәрімнің аудармасын салыстырып көрсек:

Айналдырып әй, сағи, кеселерді маған ат
Тауқыметін көрсетер оңай келген махаббат.

Осыны Шәкәрім былай тәржімалаған:

Кел, аяқшы, қымыз құй,
Көпке бер де, маған бер.
Уақыт салды ауыр күй,
Жан қысылып, ақты тер.

Шәкәрім аудармасында тек мағына емес, түпнұсқаның философиялық мәні, ұлттық танымға сәйкестігі, поэтикалық үйлесімі сақталған. Ол Хафиздің идеясын қазақы болмысқа бейімдей отырып, өзіндік интерпретациясын қосқан. Бұнда «шарапты» мұсылмандық дүниетанымға сай «қымыз» деген балама сөзді қолданған.

Хош иісін бізге жеткізер таңғы самал шашынның,
Қан жылатар жүректі бұрымы қара шашынның.

Шәкәрім:

Жаз таңының нұр желі
Жар кекілін жайқалтып,
Көңілге толып қан селі,
Жүректі тұр шайқалтып

Шәкәрім аудармасында өлеңнің әуезділігі, ырғақтық үйлесімі сақталған. Аудармасында Хафиздің сезімі мен суреткерлігін барынша қазақша, поэтикалық тілмен жеткізген.

Түрлендір десе шараппен жайнамазды пір мұған.
Жолаушының жолынан бейхабарын білгенмін.

Шәкәрім:

Жайнамазын арақпен
Боя десе мұңғыл пір,
Таза жүрек жол білген,
Болса айтқан істе, жүр

- деп берген. Бұндағы «пір мұған» мағынасы - жол нұсқаушы, дана көсем деп қолданылады. Шәкәрімнің қоғамның аласапыран, жауыздығынан «Таза жүректі» аңсауынан осы «мұған пірін» іздеуі деп білеміз. Ақын оны түсінікті әрі қазақы ұғымға жақын «мұңғыл пір» деп қолданады.

Құлқым жоқ думан құруға жар үйінде менің де,
Қоңыраулатып қоймады жүктеріңде теңізде.

Шәкәрім:

Жаралыс қонақ үйінде
Тыныштық қайда, тың қайда.

Қоңыраулатып күн, түнде
Деп тұр: «айда, жүк байла»

- деп керуеншілердің жол торабындағы көрінісімен дәл салғастырады.

Қауіпті иірім, толқын үрей, қараңғы түн осындай,
Жағалаудан қанат қаққан құстар қайдан қосылғай.

Шәкәрім былай:

Қараңғы толқын, қанды оқпан,
Қорқыныш қатты, жүк ауыр.
Біздің жайды не білсін,
Жағада жүксіз жат бауыр

- деген жолдарында мағынасын бір тармаққа сидырған. «Қазақ тілінің сөздігінде» «Оқпан» сөзінің мағынасы «ойылып түскен жер қуысы, шұқыр» деп көрсетілген. «Оқпан» сөзін орынды пайдаланып, мағына тереңдігін сақтаған деп есептейміз.

Көп істерім бағынбады жаманатқа ілікті,
Сыр ашылмас отырыстың қызығы бар білікті.

Шәкәрім:

Пайда, мақтан, айда, күш
Жаманатқа ұшыратты.
Сауық, думан, көрнеу іс
Жасырын қашан тек жатты,

- деп тақырыпты оқырманға осылай ашып көрсеткен.

Мұндай сырлар құпия боп қала берер солайша
Тыныш жүрген Хафиз оны ұмытады қалайша?!

Шәкәрім:

Ақ тілегін іздесең,
Ақ жолыңнан айырылма.
Ақ жүрекке кез келсең,
Өзге адамға қайырылма! [3,212]

- деген шумақтарында назирагөйлік дәстүрдің айқын келбеті көрінеді. Оқырманның санасына тазалықтың, ақ ниеттің тек жақсылықтың бастамасы болатынын және де сол жолдан айырылмауын құяды. Бұл шумақ Хафиздегі рухани тазалық идеясын қазақы дүниетаныммен ұштастырған [4, 64-68].

Жолма-жол аударма ғылыми мақсатта түпнұсқа мәтінді түсіну үшін қажет, бірақ оны көркем аударма ретінде қарастыра алмаймыз. Ал Шәкәрім аудармасы - нағыз төлтума шығарма, ол Хафиздің рухын сақтап, қазақы оқырманға жақын бейнеде жеткізе білген. Бұл аударма үлгісін қазақ әдебиетіндегі “назирагөйлік дәстүрдің жарқын көрінісі” деп атасақ қателеспеспіз.

Балтабай Әбдіғазизұлы «Шәкәрім: дәстүр мен көркемдік» атты монографиясында: «Ендігі мақсат - Шәкәрімнің аударма делініп жүрген туындыларын біртұтас ала отырып, оның аудармаларына тән көркемдік кестелер мен өрнек-бояуларды саралап, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындау» керек екенін алға тартады [5,184]. Яғни Шәкәрімнің аудармаларына лайықты түрде баға берілмегенін бірден-бір дәлелі деп алсақ болады.

Тек тәржімалаған шығармаларын емес одан бөлек Шәкәрім шығармаларында Хафиздің сопылық дәстүрінің көрініс табатындығына да мәлім. Бұл кезекте Шәкәрімнің философиялық ізденістерін түсіну үшін оның «Үш анық» атты еңбегіне назар аудару қажет. Бұл шығармасында ақын болмыс, жан және ұждан мәселесін негізгі үш ақиқат ретінде қарастырады. Ол жаратушының бар екенін мойындап, жанның мәңгілігі туралы ой қозғайды. Осы тұста Қожа Хафиздің сопылық бағыттағы дүниетанымымен Шәкәрім идеяларының үндесетінін көруге болады.

Шәкәрімнің философиялық көзқарасын ашу үшін біз алдымен оның «Үш анығына» тоқталғанымыз жөн. Осында Хафиз шығармашылығының зор әсері байқалады. Шығармада адам өмірінің мәні жан-жақты қарастырылған. Осы еңбегінде ақын «Жаратушы, жан және ұжданды» - үш анық ретінде алып қарастырады. Абай атамыз айтқандай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», яғни бір Жаратушы бар екеніне тоқталады. Ал Жанның мәңгілігі мәселесінде Шәкәрім: «Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен?»,- дейді. Мұнан шығатын ғибрат адамның тіршілікте жасаған жақсылық, көрсеткен өнеге, үлгісі, өлгеннен кейін ұрпақтар аузында сақталатындығына келіп тіреледі. Үшінші анық ретінде алынған ұждан – ол Шәкәрімде де, Абайда да ар білімі ретінде қарастырылады. Ал ар білімін құрайтын адам бойындағы ең асыл қасиеттер: ынсап, әділет, мейірім. Бұл Абайда: «Әділет, шапқат кімде бар? Сол жарасар туғанға»,- деп пайымдалса, Шәкәрімде: «Рақым, ар, ұят табылмаса, Өлген артық дүниені былғағаннан»,- деген түйін жасалады. Ынсап адам бойындағы қанағат пен амалының арасындағы алтын көпір десек артық болмас. Сайып келгенде, негізгі түйін адамның рухани құндылықтарына негізделетіні еріксіз мойындатады.

Шәкәрімнің әр өлеңінен ар, иман, әділет және махаббат жайлы өзіндік сырлары оқырманды терең ойға қалдырады. Қай шығармасына да жеңіл-желпі үстірт қарауға болмайды.

Адамдық борышың, халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай, ар сақта, оны біл.

Талаптан да, білім мен өнер үйрен.

Білімсіз, өнерсіз, болады ақыл тұл [6,167].

Ал дін мен ғылымның үйлесімділігіне деген толғамдары бір пара.

Қожа Хафизде сопылық идеялардың ықпалы басым. Хафиздің ғазалдарындағы түпкі ой Аллаға деген махаббат пен рухани тазалықпен сабақтасып жатады.

«Махаббат – түпсіз тұңғиық, Тәңірі ғана тірегің, Қайырымынан қашан да үзілмесін күдерің», «Кім еді ол саған өзге емес, Алладан жанның бәрі дүр»,- деп толғанып, Алланың бірлігін, барлығын, нарлығын дәлелдейді.

Поэзиясында ішкі еркіндік пен адамның рухани әлемі айқын көрінеді. Ойлары әлем мен адамзат үйлесіміне негізделеді.

Енді екеуінің ортақ идеяларына тоқтала кетпекпіз. Шәкәрім мен Қожа Хафиздің үш жақты ортақ философиялық құндылығын айқындауға болады. Бірінші, рухани кемелдену және жан тазалығы. Шәкәрім де, Хафиз де адамның рухани жетілуін өмірдің негізгі мәні ретінде қарастырады. Шәкәрім «Ар ілімін» ұсынса, Хафиз сопылық дәстүр аясында Аллаға махаббат арқылы жан тазалығына жету идеясын дәріптейді.

Екінші, сүйіспеншілік және әділет. Шәкәрім шығармаларында махаббат тек сезімдік деңгейде ғана емес, адамгершілік өлшем ретінде көрінеді. Ол махаббат пен ар-ұятты қатар қойып, адамзаттық құндылық ретінде қарастырады. Бұл Хафиздегі тәңіршілдік махаббат идеясына жақын.

Үшінші, ақиқат пен әділет жолын іздеу. Шәкәрім әділетті қоғам құру идеясын ұсынса, Хафиз әділеттілікті рухани кемелденудің бір шарты деп біледі. Олардың екеуі де ақиқатқа ұмтылу жолында адамгершілік пен ізгілікті жоғары қояды.

Екі ұлы тұлғаның шығармашылығында өзара өзіндік ерекшеліктері де байқалады. Мәселен, Шәкәрім қазақ қоғамының мәселелерін көтеріп, ұлттық менталитетке сай моральдық-этикалық тұжырымдарды ұсынса, Хафиз исламдық дүниетанымды негізге алып, адамның құдаймен байланысын айшықтай отырып, рухани кемелдікке баса назар аударады.

Қорыта келгенде, Шәкәрім мен Қожа Хафиз шығармаларындағы философиялық үндестік адамзатқа ортақ рухани құндылықтарға ұласады. Олардың өміршең идеялары - заманауи жастарға рухани бағыт бере алатын маңызды мұра.

Шәкәрім мен Қожа Хафиз шығармаларындағы философиялық үндестік олардың рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауымен сипатталады. Екі ақынның поэзиясы да адам жанының тазаруын, шындық пен әділетті іздеуді мақсат етеді. Жазушы-ғалым Мұхтар Мағауиннің пайымдауынша, Шәкәрім Хафизді жанына жақын тұтып, оның шығармаларымен үнемі сырласқан. Бұл олардың рухани байланысын айқын көрсетеді.

Шәкәрім мен Хафиз мұралары – тек әдеби жәдігер ғана емес, қазіргі заман үшін де маңызы зор рухани бағдар. Олардың ойлары бүгінгі қоғамдағы моральдық-этикалық құндылықтарды қайта қарастыруға және адамның ішкі жан-дүниесін жетілдіруге бағытталған философиялық мұра болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайратұлы Б. Қожа Хафиздің құнды еңбегі // Егемен Қазақстан. 28.01.2021
2. Күмісбаев Ө. Шәкәрім және Шығыс әдебиеті // Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасы. Алматы. 2007. 79 б.
3. Шәкәрім. Сыр сөз // Отбасы хрестоматиясы. Алматы. 2021. 212 б.
4. Жеменей И. Хафиз-Шәкәрім рухани үндестігі // Монография. Алматы. 2008 55, 64-68 б.
5. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім: дәстүр және көркемдік // Монография. Семей. 2007. 184 б.
6. Шәкәрім. Қазақ айнасы. Алматы. 2003. 167 б.

ӘОЖ 894.342+821.133.1

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПЕН ОНОРЕ ДЕ БАЛЬЗАК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЫНШЫЛ РЕАЛИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ ТУРАЛЫ

Түсіпбек Мөлдір Күткелдіқызы

Tusupbekovamoldir@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., қауымд. проф. А. Үсен

Сыншыл реализм — әдебиеттануда ХІХ ғасырда қалыптасқан көркемдік әдіс, адамның (кейіпкердің) портретіндегі психологиясын қоршаған ортасын суреттеу арқылы ашады. Жазушы өзі жазған кейіпкердің әрекеттері мен сөздері арқылы сол өмір сүріп жатқан қоғамның кемшіліктерін сынайды. Сыншылдық реализм капиталистік қоғамның жемісі әрі оны сынауға бағытталған көркем әдіс. Бұл бағытта талмай еңбек еткен жазушылар оны классикалық деңгейге жеткізді. Ч. Диккенс, Л. Толстой, Г. Манн, Т. Драйзер, А. Франс, Т. Манн, Ф. Достоевский қаламынан туған шығармалар осы әдістің таптырмас мысалы.

Әдебиеттегі бағыттардың дамуы екі түрлі экономикалық үрдіспен ұштасады. Бірі еуропада кеңнен етек жайып үлгерген — капитализм болса, екінші кеңес үкіметінің басты өзегі — социализм болды. Маркстік-лениндік ілімнің ықпалы анық еді. Буржуазия мен коммунизмнің бір-бірінен идеялық алшақтығы сонша, тіпті олар бір-біріне кереғар ұғымға айналып үлгерді.

Еуропалық реализмнің негізі ХІХ ғасырда толық орнықты. Әдеби бағыт ретінде 1830-1840 жылдар аралығында дами бастады және келесі ғасырларда өз кемеріне жетті. ХІХ ғасырдағы реализмды анализ жасауға жақын болғандықтан сыншыл немесе классикалық реализм деп атайды. «Реализм» термин ретінде бір топ француз жазушылары арқасында әдебиетке енді. Тарихта реализмнің дамуы екі түрлі кезеңге бөлінеді. 1830-1840 жылдар ерте реализм болса, кеш реализм 1850-1860 жылдарға тиесілі.

Ерте реализмның өркендеуіне еуропалық жазушы Оноре де Бальзактың ықпалы зор. Жазушы реализм бағытында жазса да кейіпкерлерін романтикалық әсірелеу арқылы суреттейді.